

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 9 сәуірдегі N 279 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін :

1) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары (екінші кезең) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 822 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2006 ж., N 33, 357-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарында (екінші кезең) :

"Қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалар бөлінісіндегі 2007-2009 жылдарға арналған басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесі" деген 5-бөлімде:

"Бағдарламадан тыс" деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 528-жолдың 2-бағанындағы "Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында 60 Гкал/сағат қазандығын салу" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының жылу желілерін салу және қайта жаңарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 3-қосымшада:

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық тобында :

231 "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" әкімшісі бойынша :

024 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу-энергетика жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" бағдарламасында "Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында 60 Гкал/сағатына қазандығын салу" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының жылу желілерін салу және қайта жаңарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15

желтоқсандағы N 1220 қаулысында :
көрсетілген қаулыға 351-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанының 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының жылу желілерін салу және қайта жаңарту" (2007 жылғы 7 ақпандағы N 18-33/2007 ТЭН-ге "Мемсараптама" РМК-ның қ о р ы т ы н д ы с ы) " ;

7-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының жылу желілерін салу және қайта жаңарту".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі